

Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N А-5/152 "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N А-12/357 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 7 желтоқсанда N 3164 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № А-3/161 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 22.04.2013 № А-3/161 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ақмола облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N А-5/152 " Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесін бекіту туралы" (Ақмола облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 18 мамырда N 3132 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін.

Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну Ережесінің 2 тармағы 4 тармақшамен толықтырылсын: "4) мүгедек балаларға".

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Ғ.М.Бекмағамбетовке жүктелсін.

Облыс әкімі